

**Әлемдік
мұхиттардың
ластануы**

**Су – жер бетіндегі жылу сыйымдылығы
үлкен дене. Сондықтан да мұхитты “жылу
қорының жинаушысы деп” атайды. Мұхит
суы өте баяу жылынады және баяу
суынады. Мұхит жаз бойы жылу жинап,
қыста оны құрлыққа береді.
Егерде мұхит суынның ондай қасиетті
болмаса, жер бетінің орташа
температурасы қазіргіден 36° С төмен
болар еді.**

Мұхит (Әлемдік мұхит) - гидросфераның негізгі бөлігі.

Мұхит, Дүниежүзілік мұхит (гр. okeanos – мұхит, Жерді қоршап жатқан ұлы өзен).

Жер шарында төрт мұхит бар: **Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік мұзды**. Кейбір ғалымдар Антарктида маңы суларын бесінші Оңтүстік мұхиты деп жеке бөледі.

Бүгінгі таңда Дүниежүзілік мұхит табиғатын зерттеу мен қорғау жұмыстары заманауи құрылғылар орнатылған Жер серіктерінің көмегімен қашықтықтан зондтау әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Белгілі мәліметтер бойынша қазір мұхиттың суына жыл сайын 30-дан 50 млн. тоннаға дейін мұнай төгіледі. Оның әр тоннасы 12 км² суды қабықшамен жаба алады. 0,05 мг/л мұнай су құрамында болса, су ішуге жарамсыз, ал концентрациясы 0,5 мг/л болғанда көптеген су ортасымен байланысты ағзалар тіршілігін жояды. Ластанудың әсерінен балықтар мен тағы басқа ағзалардың миграциялық жолдары өзгереді.

Дүниежүзілік мұхит суларын ластаушы заттарды эколог-ғалымдар мынадай 4 топқа жіктейді:

- материктік қайрандардан мұнай өндіру мен оны тасымалдау кезінде мұхит суына қосылатын мұнай өнімдері;
- өнеркәсіп орталықтары қолданған және ірі қалалардың коммуналдық қажеті үшін пайдаланылып, өз дәрежесінде толық тазартылудан өтпеген су;
- ауыл шаруашылығында пайдаланылып, әр түрлі химиялық (тыңайтқыштар, пестицидтер мен гербицидтер және т.б.) қалдықтармен ластанған су;
- радиоактивтік қалдықтардың көмілуі және мұхит кемелері пайдаланған лас судың толық тазартылмауы.

Дүниежүзілік мұхиттағы туристік-рекреациялық маңызы жоғары жаға-жайлардың да жағдайы мәз емес. Тек қана Жерорта теңізі жағалауы бойында 20-ға жуық ел орналасқан, онда 130 млн-нан аса халық тұрады. 260 порты бар, онда бір мезгілде 2,5 мың алысқа жүзетін және 5 мың каботаждың (бір елдің кемелері) кеме тоқтай алады. Оның теңіз жолдары арқылы жылына 400 млн т-дан астам мұнай тасымалданады.

Сонымен қатар оның жағалауында жылына 90 млн-ға дейін адамдар дем алып, жаз кезінде теңіз айдыны арқылы 10 мыңнан аса туристік кемелер жүзіп өтеді.

Олар пайдаланған лас сулар мен өр түрлі қалдықтар толық тазартылудан өтпестен теңіз суларына жіберіледі. Аталған көрсеткіштер нәтижесінде Жерорта теңізі - Дүниежүзілік мұхиттағы ең лас аудандар қатарына жатады.

Ашық су көздерінің ластану, қоқыстану, және сарқылу процесі тоқталмай отыр, мұның негізгі себебі – су қоймаларына тазартудан өтпеген әлде нашар тазартылған шайынды сулардың төгілуі. Жыл сайын су нысандарына шамамен 2,5 млн тонна шайынды төгіледі.




Экологиялық қатер



Қазіргі кезде су нысандарын тау-кен өндірісі, металлургия және химия өнеркәсібі мекемелерінің қалалардың коммуналдық қызметтерінің қарқынды ластауы нақты экологиялық қатер тудырып отыр.

Әсіресе Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі көбірек ластанған. Солармен қатар халықты ауызсумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылатын жер асты сулары да ластанып жатыр.



Ластануды тоқтату

Су ресурстарын пайдалану және оларды қорғаудағы заңды құжаттардың бірі - ол 2003 жылы қабылданған «Су кодексі». Оның мақсаты: Су қатынастарының ұйымдастырушылық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.



Мұхит ластануы, Дүниежүзілік мұхиттың ластануы – адамдардың әрекеті нәтижесінде мұхит (теңіз) суларындағы табиғи процестердің бұзылуы. Ластаушы заттардың өте көп мөлшерде жиналуы салдарынан жылдан-жылға мұхиттың өзін-өзі тазарту мүмкіншілігінің төмендеуі – онда тіршілік ететін организмдердің құрып кетуіне немесе шектен тыс көбеюіне алып келеді. Мысалы, теңіз жұлдызының (*Asteroidea*) тым көбейіп кетуінен Австралия жағалауындағы Үлкен Барьерлі рифтің түбінде “тікенді шеңбер” қалыптасуда.

Қазіргі кездегі ең үлкен проблема -мұхиттың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы. Мұхиттың мұнаймен ластануының басым бөлігі теңіз транспортының және қала аумақтарынан шайып әкелетін мұнайдың үлесіне тиеді.

Мұхитты мекендеушілер үшін, әсіресе, организмнің ішіне еніп кеткен жағдайда токсикалық әсер ететін, мұнайдың ерігіш компоненттері қауіпті. Мұнайдың төгілуінің ең бір ауыр зардабы -су бетінде жұқа мұнай қабатының пайда болуы. Онда газ алмасу бұзылады, жарықтың суға өтуі нашарлайды, фотосинтез жүрмегендіктен фитопланктон қырылады. Мұнайдың ауыр компоненттері (мазут) су табанына шөгеді, бұл бентостың өлуіне әкеліп соғады.

Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған аса маңызды мәселенің бірі— Дүниежүзілік мұхит суларын қорғау және оның табиғат байлықтарын мейлінше тиімді пайдалану. Өйткені мұхит табиғат байлықтары әр елде түрліше игеріледі, мұхит сулары ластанып барады және мұхит айдынының әскери әрекет майданы ретінде қолданылуы күшеюде.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**